

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы

2025-2026 оқу жылының күзгі семестрі

6B04205 Құқықтану, күндізгі, 3, 4 курс

6B12301 Құқық қорғау қызметі, күндізгі, 3, 4 курс

білім беру бағдарламалары бойынша

2450 Криминалистика пәнінен

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2025

6B12301 – Құқық қорғау қызметі, 6B04205 – Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша 2450 Криминалистика пәнінен бақылау бағдарламасын Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы Н.С. Темірболат әзірледі.

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының мәжілісінде қарастырылып бекітілген.

«24» 06 2025 ж., хаттама № 19
Кафедра меңгерушісі, з.ғ.д., профессор

Джансараева Р.Е.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
академиялық комитеттің төрайымы
«25» 06 2025 ж., хаттама № 11

Урисбаева А.А.

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды
«26» 06 2025 ж., хаттама № 10
Ғалым хатшысы



Атаханова Г.М.

Кіріспе

"6B12301-Құқық қорғау қызметі", "6B04205-Құқықтану", мамандығы бойынша бакалавриаттың білім беру бағдарламасын зерделеу Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және академиялық саясатқа сәйкес қорытынды бақылау - емтихан тапсырумен аяқталады. Емтихан университет бекітілген кестеге сәйкес жазбаша өткізіледі: дәстүрлі-сұрақтарға жауаптармен. Саны-білімді қолдануға арналған 200 сұрақ. Емтихан форматы-синхронды.

Емтиханға (қорытынды бақылауға) ақы төлеу бойынша берешегі жоқ, бакалавриат үшін оқу бағдарламасы мен жұмыс оқу жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процесін аяқтаған және тиісінше балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Қорытынды емтихан (қорытынды бақылау) көрсетілген мерзімде академиялық күнтізбеге және оқу жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Оқу бағдарламасына және оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процесін аяқтай алмаған және тиісті балл жинай алмаған студенттер қанағаттанарлықсыз бағаны оң бағаға қайта тапсыру үшін рұқсат алады және келесі академиялық кезеңдердің бірінде немесе жазғы семестрде осы пән бойынша оқу жұмыс жоспарында көзделген сабақтардың барлық түрлеріне қорытынды бақылау тапсырады.

Егер студент оқу бағдарламасын толық көлемде орындай отырып, емтиханға уақытында келмесе, емтихан ведомосына оның тегінің тұсына "келген жоқ" деген жазу жазылады. Студенттің дәлелді себептері болған жағдайда факультет деканының өкімімен оған емтихан тапсырудың жеке кестесі бекітіледі. Емтиханға келмеудің дәлелді себептері болмаған жағдайда "қанағаттанарлықсыз" бағаға теңестіріледі.

1-бағаны "FX" белгісі бойынша "қанағаттандырарлық" алған жағдайда студентке емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.

Қорытынды бақылау бағасымен келіспеген студентке емтихан өткізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей апелляция беру мүмкіндігі көзделген.

Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны осы аралық аттестаттау кезеңінде жоғарылату мақсатында қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тиісті тексеруден өткеннен кейін бекітіледі.

Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар

Тақырып 1. Криминалистиканың теориялық және методологиялық негіздері (проблемалық мәселелер бойынша). Криминалистикалық идентификация мен диагностика.

Криминалистиканың түсінігі және пәні. Жалпы және арнайы міндеттері. Криминалистика жүйесі. Отандық криминалистиканың пайда болуы және дамуы. Криминалистиканың заң ғылымдары жүйесіндегі және өзге ғылымдармен байланысы. Диалектикалық әдіс-криминалистика әдіснамасының негізі. Жалпы ғылыми әдістер, олардың криминалистика мен криминалистикалық қызметте қолдану ерекшеліктері, принциптері мен міндеттері. Криминалистиканың арнайы әдістері және криминалистикалық зерттеу әдістері.

Тақырып 2. Криминалистикалық техника

Криминалистикалық техниканың түсінігі мен жүйесі. Қылмыстың алдын алу әдістерін әзірлеудегі криминалистикалық техниканың рөлі, криминалистикалық техниканың құралдарын, әдістері мен тәсілдерін әзірлеудегі жаратылыстану және техникалық ғылымдарға қол жеткізу. Дәлелдемелерді табу, бекіту және алу кезінде қолданылатын техникалық құралдар мен тәсілдер. Криминалистикалық фотосурет, бейне және дыбыс жазу түсінігі, мәні және жүйесі. Жедел-ізвестіру, тергеулік, сараптамалық (зерттеу) фотосурет. Криминалистикалық қызмет кезінде фото, бейне- дыбыс жазуды қолдану және рәсімдеу ережелері..

Тақырып 3. Трасология

Трасология ұғымы, оның ғылыми негіздері және қылмысқа қарсы күрестегі маңызы.

Іздердің пайда болу және жіктелу механизмі. Объектілерді олардың іздері бойынша идентификациялаудың негізгі алғышарттары. Іздерді табудың, бекітудің, алудың және оларды процессуалдық рәсімдеудің жалпы ережелері.

Қол іздері және олардың криминалистикалық маңызы. Қол іздерін анықтау, бекіту және алу. Дактилоскопиялық сараптама негіздері. Адамның аяқ іздері және олардың криминалистикалық маңызы. Аяқ іздерінің түрлері. Оларды бекіту және алу әдістері. Аяқ іздерін сараптамалық зерттеу арқылы шешілетін мәселелер. Бұзу құралдарының іздері және олардың криминалистикалық маңызы. Бұзу құралдарының іздері және олардың пайда болу механизмі. Көлік құралдарының іздері, олардың түрлері және криминалистикалық маңызы. Көлік құралдарының іздерін қарап тексеру, бекіту және алу.

Тақырып 4. Криминалистикалық қарутану

Криминалистикалық қарутанудың түсінігі және объектілері. Сот баллистикасы. Атыс қаруы. Атыс қаруы, оқ-дәрілер туралы негізгі мәліметтер. Атыс іздері, оларды табу, бекіту және алу. Ату бағыты мен қашықтығын анықтау. Суық қару және оның түрлері. Суық қаруды және оның іздерін қарап тексеру және зерттеу. Криминалистикалық жарылыстану. Осы саладағы сарапшылар шешетін мәселелер.

Тақырып 5. Құжаттарды криминалистикалық зерттеу

Құжаттарды криминалистикалық зерттеу. Құжат – криминалистикалық зерттеу объектісі ретінде. Жазу дағдылары. Жазу дағдыларын қалыптастыру және өзгерту заңдылықтары. Қолжазба белгілерінің даралығы, салыстырмалы тұрақтылығы және вариациясы. Қолжазба сараптамасымен шешілетін мәселелер, оны жүргізу үшін материалдар дайындау. Құжаттарды техника-криминалистикалық зерттеу, оның міндеттері, түрлері. Құжаттармен-заттай дәлелдемелермен жұмыс істеудің жалпы ережелері. Құжаттарды тергеу, оның міндеттері, әдістері, нәтижелерін бекіту. Полиграфиялық өнімдерді зерттеу. Техникалық-криминалистикалық сараптамамен шешілетін мәселелер және оны жүргізу үшін материалдар дайындау.

Тақырып 6. Криминалистикалық габитология. Криминалистикалық есепке алу.

Адамның сыртқы келбеті бойынша криминалистикалық идентификациялау ұғымы және оның қылмыстарды тергеудегі маңызы. Адамды сыртқы келбеті бойынша идентификациялаудың ғылыми негіздері, олардың түрлері. "Ауызша портрет" әдісі бойынша сыртқы көріністі сипаттау ережелері.

Криминалистикалық есептер ақпараттық-анықтамалық жүйелер ретінде. Олардың мәні мен криминалистикалық қызметті ақпараттық қамтамасыз ету үшін маңызы. Криминалистикалық есепке алудың түсінігі, мазмұны және оның құқықтық негіздері. Криминалистикалық есепке алудың түрлері. Криминалистикалық есепке алудың объектілері мен мақсаттары. Қылмыс болған жерден қашып кеткен айыпкерлерді, ұсталған және сотталған тұлғаларды, белгісіз қылмыскерлерді тіркеу. Хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдар және жеке басы анықталынбаған мәйіттерді тіркеу. Ұрланған, жоғалған, алынған, өз еркімен тапсырылған иір оқпанды атыс қаруларын, сонымен қатар ашылмаған қылмыстар жасалынған жерден табылған оқтарды, гильзаларды және патрондарды тіркеу. Ұрланған, табылған және алынған заттарды тіркеу.

Тақырып 7. Криминалистикалық тактиканың жалпы ережелері

Криминалистикалық тактиканың түсінігі, міндеттері және жүйесі. Тактикалық әдістер ұғымы. Қылмыстық сот ісін жүргізуде олардың рұқсат етілу критерийлері. Тергеу әрекеттерінің тактикасы және оның оларды өндірудің процессуалдық тәртібімен байланысы. Тергеу жағдайлары және олардың психологиялық сипаттамалары. Қайшылықты және қайшылықсыз жағдайлар. Тергеу жүргізетін тұлғаға қойылатын негізгі моральдық талаптар. Криминалистикалық болжаулар. Тергеуді жоспарлаудың түсінігі мен маңызы. Жоспарлау

принциптері мен кезеңдері. Жоспарлаудың техникалық әдістері, жоспар формалары және көмекші құжаттама.

Тақырып 8. Тергеу қарауының тактикасы.

Қарап тексерудің түсінігі, мәні, мақсаттары мен міндеттері. Қарап тексеру түрлері. Жедел-тергеу тобын қалыптастыру. Бастапқы ақпаратты талдау. Қарап тексеруге қатысушыларды таңдау және олардың арасындағы функцияларды бөлу. Оқиға орнын қарап тексеру тактикасы. Қарап тексеруге дайындық. Қарау объектілері. Оқиға орнын қарап тексеру әдістері мен тәсілдері. Оқиға орнын қарап тексеру кезеңдері мен сатылары. Қарап тексеру жүргізу кезінде техникалық-криминалистикалық құралдарды қолдану. Қарап тексеру жүргізудегі мамандардың рөлі. Мәйітті сыртқы қарап тексеру тактикасы. Мәйітті қарап тексеру процесі мен нәтижелерін бекіту. Оқиға орнында табылған заттар мен объектілерді табу, бекіту, алу және зерттеу. Заттай дәлелдемелерді қарау арқылы шешілетін мәселелер.

Тақырып 9. Тінту және алу.

Тінту және алу түсінігі, мәні және міндеттері. Тінту және алу негіздері. Тінту және алу жүргізуге дайындық. Тінту және алу кезінде қолданылатын тактикалық әдістер. Тінту және алу кезінде қолданылатын техникалық құралдар. Тінту барысы мен нәтижелерін бекіту. Алудың барысы мен нәтижелерін бекіту.

Тақырып 10. Жауап алу және беттестіру тактикасы

Жауап алу түсінігі, міндеттері және түрлері. Қылмысты тергеу кезіндегі жауап алудың мәні. Жауап алуға дайындық және жауап алу тактикасының психологиялық негіздері. Жауап алу жоспары. Жанжалсыз жағдайда жауап алудың тактикалық әдістері. Жанжал жағдайындағы жауап алудың тактикалық шарттары. Кәмелетке толмағандардан жауап алу ерекшеліктері. Беттестірудің түсінігі мен міндеттері. Беттестірудің тактикалық әдістері. Жауап алу барысы мен нәтижелерін ресімдеу. Жауап алу кезінде криминалистикалық құралдарды қолдану.

Тақырып 11. Тану үшін көрсету тактикасы.

Тану үшін көрсету тергеу әрекетінің түсінігі және оның түрлері. Тану үшін көрсету кезіндегі идентификациялау процесі. Тану үшін көрсету барысында криминалистикалық құралдарды қолдану. Тірі адамдарды тану үшін көрсету тактикасы. Мәйіттерді тану үшін көрсету тактикасы. Фотосуреттерді тану үшін көрсету тактикасы. Заттар мен құжаттарды тану үшін көрсету тактикасы. Тану барысы мен нәтижелерін ресімдеу.

Тақырып 12. Тергеу экспериментінің тактикасы. Көрсетпелерді сол жерде нақтылау мен тексеру тактикасы.

Тергеу экспериментінің ұғымы, оның түрлері және мақсаттары. Тергеу эксперименті тактикасының процессуалдық және криминалистикалық негіздері. Тергеу экспериментінің кезеңдері мен сатылары. Тергеу экспериментінің барысы мен нәтижелерін бекіту

Көрсетпелерді сол жерде нақтылау мен тексеру түсінігі мен міндеттері. Көрсетпелерді сол жерде нақтылау мен тексерудің жалпы ережелері мен тактикасы. Көрсетпелерді сол жерде нақтылау мен тексеру кезеңдері мен тәсілдері. Көрсетпелерді сол жерде нақтылау мен тексеруге дайындық: айғақтары тексерілетін адамнан алдын ала немесе қосымша жауап алу. Айыпталушының немесе күдіктінің айғақтарды сол жерде тексеруге қатысуға келісімі. Жоспар құру және уақытты анықтау. Қатысушылар. Көлік, техникалық және өзге де құралдарды дайындау. Көрсетпелерді сол жерде нақтылау мен тексеру барысы мен нәтижелерін орнында бекіту.

Тақырып 13. Жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу әдістемесі.

Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы.

Қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесінің түсінігі. Тергеу әдістемесінің ғылыми

негіздері. Заңдылық, жоспарлылық, тиімділік, жылдамдық. Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы, түсінігі және оның мазмұны. Криминалистикалық сипаттаманың элементтері. Тергеу жағдайлары. Қылмыстардың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесінің құрылымы мен мазмұны. Тергеу кезінде ғылыми - техникалық және жедел - іздестіру әдістері мен құралдарын пайдалану. Криминалистикалық сипаттаманың түсінігі және тарихи аспектілері. Криминалистикалық сипаттаманың элементтері.

Тақырып 14. Жеке тұлғаларға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу.

Кісі өлтірудің криминалистикалық сипаттамасы. Сотқа дейінгі тергеу ерекшеліктері және белгіленуге жататын мән-жайлар. Бастапқы тергеу әрекеттері және жедел-іздестіру іс-шаралары. Кісі өлтіруді тергеудің бастапқы кезеңінің типтік жағдайлары. Тергеу болжаулары және жоспарлау кезеңдері. Кісі өлтіру істері бойынша кейінгі тергеу әрекеттерінің тактикасы. Тергеу барысында арнаулы білімді қолдану ерекшеліктері.

Тақырып 15. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу.

Меншікке қарсы қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы. Бастапқы материалдарды тексеру және қылмыстық іс қозғау. Типтік тергеу жағдайлары және тергеушінің алғашқы әрекеттері. Тергеу болжаулары және оларды тексеру. Тергеудің бастапқы және кейінгі кезеңі. Тергеушінің меншікке қарсы қылмыстардың алдын алу жөніндегі әрекеттері. Ұрлық қылмыстарын тергеу әдістемесі. Тонау және қарақшылық жолымен жасалған мүлікті талан-таражға салуды тергеу әдістемесі. Алаяқтық қылмысын тергеу әдістемесі. Қорқытып алушылық қылмыстарын тергеу әдістемесі.

Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық

Емтихан тапсыруға рұқсат алу үшін пән бойынша ағымдағы үлгерім бойынша кемінде 100 балл жинау қажет (АБ1, АБ 2 бағаларының арифметикалық орташа мәні).

Емтихан тапсыруға жіберу үшін ақылы негізде білім алушылардың оқу ақысын төлеу бойынша берешегі болмауы тиіс.

Тестілеуден өтуді бақылау онлайн прокторингпен өткізіледі. Оқытушы әрбір студенттің емтихан кестесімен, ережелермен, прокторинг жөніндегі нұсқаулықтың талаптарымен танысуын бақылайды. Студенттерге кесте бойынша жоспарланған күні емтихан туралы еске салады.

Студенттер емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын прокторинг жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес емтиханға дайындалуы тиіс.

Тестілеу ұзақтығы: - 40 сұраққа 90 минут, 1 мүмкіндік.

Емтиханда шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және ақпарат беру үшін басқа да құралдарды пайдалануға және өзімен бірге ұстауға, басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге үзілді-кесілді тыйым салынады. Осы ереже бұзылған жағдайда тиісті акт жасалады және тәртіп үшін "F" (қанағаттанарлықсыз) бағасы қойылады. Актілер шағымдануға және апелляцияға жатпайды.

Емтихан құжаттарын тексеру. Емтихан жұмыстарының бағалау критерийлері.

Емтихан комиссиясының құрылуы

Универ жүйесінде тест тапсыру бойынша жүйе дұрыс жауаптардың кілттері бойынша автоматты түрде тексереді.

Оқытушыларға тестілеу уақыты аяқталғаннан кейін студенттердің нәтижелері бар ведомостты бағалау және балдарды аттестаттау ведомосына сақтау ұсынылады. Аттестациялық ведомостқа қорытында баға тест аяқталғаннан кейін автоматты түрде түседі. Ведомостты сақтамас бұрын, барлық студенттердің балдарын тексеру ұсынылады.

Балл қою уақыты - 48 сағатқа дейін. Онлайн прокторинг режимі бойынша тексеру жүргізу барысында балл қою уақыты ұзартылуы мүмкін.

Емтихан бағасына апелляция

Емтихан бағасымен келіспеген білім алушы "Univer" жүйесінде емтихан нәтижелерін

шығарғаннан кейін 3 күн ішінде белгіленген нысан бойынша дәлелді жазбаша өтініш беруге құқылы

Деканның оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, егер онда алынған бағаға шағымданудың дәлелді негіздемесі болмаса, апелляциялық келісімді қабылдаудан бас тартуға құқылы

Апелляциялық комиссия төрағасының атына өтініш білім алушының жеке өзімен беріледі. Екінші тұлғалардың, оның ішінде білім алушының туыстарының апелляциясы қабылданбайды

Апелляциялық комиссияның отырысы бекітілген кесте бойынша online режимде өткізіледі. Апелляцияны өткізу күні мен уақыты туралы ақпаратты өтініш беруші деканның оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарынан алуы тиіс

Бағалау саясаты

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиториядағы (вебинардағы) жұмыстың белсенділігін бағалау, орындалған тапсырманы бағалау.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:

$AB1 + AB2 \times 0,6 + QB \times 0,4$ Мұнда AB – аралық бақылау,

2 QB – қорытынды бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдардың көрсеткіші (%)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	6,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Криминалистика: оқулық. – Өңделіп, толықтырылған 2-басылым / Авторлар ұжымы: К. Аратұлы, Г.М. Атаханова, А.А. Базилова, Л. Бисенғали, С.Ш. Дау-басова, Р.Е. Жансараева, Е.Ф. Жәкішев, А.А. Исаев, Г.Х. Найманова, Р.Б. Тапалова, Н.С. Темірболат. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 446 б.
2. Криминалистика: оқу құралы. – / Авторлар ұжымы: К. Аратұлы, Г.М. Атаханова, А.А. Базилова, Ш.Б.Маликова., С.Ш. Даубасова, Р.Е. Жансараева., Р.Б. Тапалова, Н.С. Темірболат. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 446 б.
3. Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г., Россинская Е.Р. Криминалистика: Учебник для вузов / Под ред. Р.С. Белкина. М.: НОРМА, 2020.
4. Белкин Р.С., Корухов Ю.Г., Россинская Е.Р. Криминалистика М – 2020.
5. Современные технологии криминалистической техники и криминалистической тактики: учеб. пособие / под ред. Р.Е. Жансараевой. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 394 с.
6. Современные криминалистические технологии (криминалистическая техника): Учебное пособие. Ч. 1 / под ред. Р.Е. Жансараевой, С.П. Варенниковой, Р.Б. Тапаловой. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 316 с.
7. Современные криминалистические технологии (криминалистическая тактика, применение специальных знаний в судопроизводстве): Учебное пособие. Ч. 2 / под ред. Р.Е. Жансараевой, С.П. Варенниковой, Р.Б. Тапаловой. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 320 с.
8. Криминалистика: учеб. для вузов / Т.В. Аверьянов, Р.С. Белкин, Ю.Г. Корухов, Е.Р. Россинская / под ред. Р.С. Белкина. - М.: НОРМА-ИНФРА, 2017.
9. Шопабаяев Б.А., Сатыбалдинов Д.Д. Криминалистическая техника. Қазақ университеті. 2015г.

Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды // <https://online.zakon.kz/>
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 3 шілде 2014 ж. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы.
4. ҚР Қылмыстық процестік кодексі 04.07.2014 // <http://adilet.zan.kz>
5. Сот сараптама қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 10 ақпандағы №44-VI ҚРЗ